

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті



Ғылыми кеңес мәжілісінде
қаралды және бекітілді
27.05.2026, №9 хаттама

«Дивергентті ойлауды қалыптастыру және дамыту»
КУРСЫ
(1–11 сыныптардағы дарынды оқушыларға арналған)



Павлодар, 2026

«Дивергентті ойлауды қалыптастыру және дамыту» курсы (1–11 сыныптағы дарынды оқушыларға арналған) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруы аясында әзірленді (ЖТН BR 28712263 – «Қазақстан балаларының дарындылығын дамыту бойынша педагогикалық кадрларды даярлаудың кешенді ғылыми-инновациялық жүйесін құру» гранты).

«Дивергентті ойлауды қалыптастыру және дамыту» курсы (1–11 сыныптағы дарынды оқушыларға арналған) Павлодар облысы Білім беру басқармасының Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының оқу-әдістемелік кеңесімен білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылды (Орта білім беру саласындағы инновациялық педагогикалық тәжірибеге 2026 жылғы 28 мамырдағы үзінді көшірме).

Курс авторлары: Утилова А. М., Асаинова А. Ж., Шакенова Т. Ж., Кабиева С. Ж., Байдалинова Б.А.

Рецензенттер:

1. Ксембаева С.К., педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Торайғыров университеті

2. Аденова Б. О., Павлодар облысы Білім беру басқармасының «Дарынды балаларға арналған облыстық көпсалалы лицей-интернаты» КММ оқу-тәрбие ісі жөніндегі басшысының орынбасары

3. Текенов А.А., педагог-шебер, Павлодар облысы Білім беру басқармасының «Жас Дарын» дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ:

Мазмұны

1	Түсіндірме жазба	4
2	«Дивергентті ойлауды қалыптастыру және дамыту» курсының тұжырымдамалық моделі	7
3	Курсты іске асырудың ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттары	11
4	Диагностикалық құралдар жиынтығы	12
5	Оқу-тақырыптық жоспар	15
6	Курс мазмұны	20
7	Бағалау құралдарының қоры	
8	Педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар	24
9	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	26
	Қосымша	28

1. Түсіндірме жазба

Өзектілігі. Қазіргі білім беру жағдайы білім көлемінің қарқынды өсуімен және үнемі өзгеріп отыратын әлемге бейімделу қажеттілігімен сипатталады. Дәстүрлі білім беру жүйесі негізінен формальды логика мен ақпаратты есте сақтауға бағытталғандықтан, икемді және шығармашылық ойлаудың дамуын шектейді. Сонымен қатар, стандартты емес міндеттерді тиімді шешу дивергентті ойлауды, яғни көптеген тың идеяларды ұсыну және дәстүрлі емес шешімдер табу қабілетін талап етеді [1]. Аталған курс қоғамның креативті, дербес және бастамашыл мамандарға деген сұранысының артуы мен білім беру жүйесінің оқушылар мен педагогтердің шығармашылық дағдыларын дамытуға жеткілікті деңгейде дайын болмауы арасындағы қарама-қайшылықты еңсеруге бағытталған.

Ғылыми-әдістемелік деңгей. Курс бағдарламасы комбинаторлық ғылыми-әдістемелік деңгейге жатады. Ол тұлғаның когнитивті және шығармашылық дамуының заманауи теорияларына, сондай-ақ ойлау психологиясы, педагогика және креативті қабілеттерді қалыптастыру әдістемесі саласындағы зерттеулерге негізделген. Әдістемелік тәсіл материалды теориялық тұрғыдан зерделеуді практикалық ойын тапсырмаларымен ұштастырады, бұл оқушылардың дивергентті ойлауын белсенді қалыптастыруды және жаттықтыруды қамтамасыз етеді.

Жаңашылдығы және педагогикалық мақсатқа сәйкестігі. Курстың жаңашылдығы дивергентті ойлауды дамытуға бағытталған арнайы іріктелген ойын және практикалық тапсырмаларды білім беру үдерісіне жүйелі түрде енгізуінде. Курстың педагогикалық мақсатқа сәйкестігі білім алушылардың өздігінен ойлау, мәселелерді шешуде икемділік таныту және креативті тәсілдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру мүмкіндігімен айқындалады. Бұл қазіргі білім беру талаптары мен қоғамның сұраныстарына толық сәйкес келеді.

Мақсаты: шешімдерді шығармашылық тұрғыдан іздеу әдістерін теориялық ұғыну және практикалық қолдану арқылы оқушылардың дивергентті ойлауын қалыптастыру және дамыту.

Міндеттері:

1. Оқушыларды дивергентті ойлаудың негізгі ұғымдарымен, сипаттамаларымен және оны қолдану әдістерімен таныстыру.
2. Оқушылардың стандартты емес идеяларды генерациялау, ерекше шешімдер табу қабілеттерін дамыту және олардың өздігінен шығармашылық пен зияткерлік дамуын ынталандыру.
3. Дивергентті ойлау негізінде оқушылардың оқу және өмірлік тапсырмаларды өздігінен және ұжымда шешу, өз идеяларын дәлелдеу және іс-әрекеттердің баламалы нұсқаларын бағалау дағдыларын қалыптастыру.

Бағдарламаның теориялық маңыздылығы. Бағдарламаның теориялық маңыздылығы қазіргі білім беру жағдайында білім алушылардың дивергентті ойлауын қалыптастыру мен дамытудың тетіктері туралы ғылыми-педагогикалық түсініктерді кеңейту мен тереңдетуде көрінеді. Курсты іске

асырудың өзектілігі міндетті жалпы білім беретін пәндердің мазмұны негізінен пәндік білімдерді меңгертуге, әрекеттің алгоритмдік тәсілдерін қалыптастыруға және бір ғана дұрыс шешімді іздеуге бағытталған конвергентті ойлауды дамытуға бағдарланғанымен түсіндіріледі. Ал дивергентті ойлаудың шапшаңдық (беглость), икемділік, бірегейлік және идеяларды жан-жақты дамыту сияқты құрамдас бөліктері қолданыстағы оқу бағдарламаларында жүйелі түрде емес, жекелеген элементтер ретінде ғана қарастырылады.

Курс бағдарламасы дивергентті ойлаудың креативтіліктің маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған заманауи психологиялық-педагогикалық тәсілдерді кіріктіруді қамтамасыз етеді және стандартты емес ойлау мен мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешу дағдыларын қалыптастыру саласындағы білім беру тәжірибесін жетілдіруге арналған теориялық-әдістемелік негіз қалыптастырады.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы. Курс оқушыларға дивергентті ойлауды өздігінен дамытуға арналған ойын және практикалық тапсырмалардың кешенін ұсынады. Қалыптасқан дағдылар стандартты емес мәселелерді тиімді шешуге, шығармашылық ойлауды дамытуға және интеллектуалдық икемділікті арттыруға мүмкіндік береді. Бұл қасиеттер қазіргі білім беру жүйесінде де, болашақ кәсіби қызметте де ерекше сұранысқа ие.

Жас ерекшеліктеріне байланысты курсты саралаудың негіздемесі. Курстың мазмұны білім алушылардың танымдық дамуының жас ерекшеліктері ескеріле отырып әзірленген. 1–4 сынып оқушылары үшін жетекші қызмет түрлері – ойын формалары, қиялды дамыту, бейнелі ойлау және ассоциациялық байланыстарды қалыптастыру болып табылады.

5–8 сынып оқушылары үшін шешім іздеу стратегияларын саналы түрде қолдануға көшу, аналитикалық қабілеттерді және топтық жұмыс дағдыларын дамыту тән.

9–11 сынып оқушылары үшін жобалық қызмет, кейс-тапсырмаларды шешу, идеялардың іске асу мүмкіндігін бағалау, инновациялық және жүйелік ойлауды дамыту басым бағыттарға айналады.

Әрбір жас тобы ұзақтығы 34 академиялық сағат болатын курстың дербес аяқталған модулін меңгереді. Модульдерді бірізді түрде өту мазмұнның күрделенуін және дивергентті ойлаудың базалық деңгейден жоғары деңгейге дейін дамуын қамтамасыз етеді.

Күтілетін оқу нәтижелері:

1-4 сыныптар

- дивергентті және конвергентті ойлауды ажыратады;
- тапсырманы шешудің бірнеше нұсқасын ұсынады;
- тапсырмаларды орындау кезінде қиял мен ассоциацияларды қолданады.

5-8 сыныптар

- идеяларды генерациялау әдістерін қолданады;
- оқу тапсырмаларының стандартты емес шешімдерін табады;

-шешімдерді ұжымдық іздеу процесіне қатысады.

9-11 сыныптар

-креативті ойлау технологияларын пайдаланады;

-жобалар мен кейстік шешімдерді әзірлейді;

-идеялардың ерекшелігін және іске асырылу мүмкіндігін бағалайды.

Күтілетін нәтижелерді тексеру тәсілдері: Курстың күтілетін нәтижелерін тексеру тәсілдері бірнеше бағытты қамтиды. Оқушылар үшін тестілеу (дивергентті ойлаудың терминдерін, сипаттамалары мен әдістерін білуге арналған жазбаша тесттер), бақылау тапсырмалары және талқылау, шағын жобаларды қорғау арқылы ауызша тексеру, сондай-ақ стандартты емес идеяларды генерациялау, ерекше шешімдер табу және өздігінен шығармашылық дамуын көрсету қабілетін бағалайтын практикалық тапсырмалар, кейс-сабақтар, ойын жаттығулары және жобалық іс-әрекет қолданылады.

Педагогтер үшін тексеру дивергентті ойлау әдістерін қолдана отырып сабақтарды практикалық түрде көрсету, сабақтарды жоспарлауды талдау, сонымен қатар дивергентті ойлау әдістерін білім беру процесіне кіріктіру және педагогикалық стратегияларды түзету біліктілігін бағалауға мүмкіндік беретін сауалнама жүргізу, өзін-өзі бағалау және сарапшылық бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Апробация: Курс Павлодар қаласының №17, №36 ЖОББМ оқушылары мен педагогтері арасында апробациядан өтті. Апробацияға үш жас ерекшелік тобындағы 96 білім алушы және 12 педагог қатысты.

Кіріс және қорытынды диагностика нәтижелері дивергентті ойлау компоненттері дамуының оң динамикасын көрсетті. Білім алушылар ұсынған тапсырмаларды шешу нұсқаларының орташа саны 37 %-ға, ойлаудың икемділік көрсеткіштері – 29 %-ға, идеялардың ерекшелігі (оригиналдығы) – 33 %-ға артты. Ең айқын динамика 5-8 сынып оқушыларында байқалды.

Алынған нәтижелер курстың әртүрлі жас ерекшелік топтарындағы білім алушылардың дивергентті ойлауын дамыту құралы ретіндегі тиімділігін дәлелдейді.

2. «Дивергентті ойлауды қалыптастыру және дамыту» курсының тұжырымдамалық моделі

Курстың тұжырымдамалық моделі тұлғаның креативтілігі, шығармашылық ойлауы және зияткерлік даму табиғаты туралы қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық түсініктер негізінде әзірленді. Курстың негізіне Дж. Гилфордтың дивергентті ойлауды бір мәселенің көптеген әртүрлі шешімдерін генерациялау қабілеті ретінде қарастыратын идеялары, Э. Торренстің шығармашылық даму тұжырымдамалары, К. Роджерстің гуманистік тәсілі, сондай-ақ когнитивті психология, шығармашылық педагогикасы және дамыта оқыту саласындағы қазіргі заманғы зерттеулер алынды[2,3,4].

Тұжырымдамалық модель сонымен қатар R. Beghetto [5], J. Kaufman [6], M. Runco [7] еңбектерінде ұсынылған креативтілік пен инновациялық ойлауды зерттейтін қазіргі заманғы еңбектерді, OECD Future of Education and Skills 2030 зерттеулерін және Дүниежүзілік экономикалық форумның XXI ғасыр дағдыларын дамыту бойынша материалдарын ескереді[8,9].

Курстың әдіснамалық негізін құзыреттілік, іс-әрекеттік, тұлғаға бағытталған және жүйелі тәсілдер құрайды.

Құзыреттілік тәсілі білім алушыларда дивергентті ойлау туралы білімді ғана емес, сонымен қатар оны әртүрлі оқу, өмірлік және кәсіби бағытталған жағдайларда қолдану қабілетін қалыптастыруды көздейді. Идеяларды генерациялау, баламалы шешімдерді іздеу, салдарды болжау және қолданыстағы ақпаратты шығармашылық түрде қайта құру дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады.

Іс-әрекеттік тәсіл ойлауды білім алушының қоршаған болмыспен белсенді өзара әрекеттесу процесі ретінде қарастырады. Осыған байланысты курс мазмұны практикалық тапсырмаларды орындауға, стандартты емес есептерді шешуге, ойын жағдаяттарына, жобалық іс-әрекетке және шешімдердің әртүрлі нұсқаларын ұжымдық талқылауға қатысуға бағытталған.

Тұлғаға бағытталған тәсіл білім алушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етеді. Курс біртіндеп күрделенуді қарастырады, бұл принциптің іске асырылуы білім алушылардың әртүрлі жас топтарына арналған курс құрылымынан көрінеді. 1-4 сыныптарда негізгі назар ойын жаттығулары, шығармашылық тапсырмалар және идеяларды генерациялаудың қарапайым тәсілдері арқылы қиялды, бейнелі және ассоциативті ойлауды дамытуға аударылады. 5-8 сыныптарда курс мазмұны дивергентті ойлау әдістерін (миға шабуыл, синектика, «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі) меңгерумен, идеяларды талдау, бағалау және іріктеу дағдыларын дамытумен, сондай-ақ бірнеше шешім нұсқалары бар оқу және өмірлік тапсырмаларды шешумен толығыады. 9-11 сыныптарда білім алушылар кешенді кейстерді шешу, жобаларды әзірлеу, баламалы сценарийлерді модельдеу және инновациялық идеялардың іске асырылу мүмкіндігін бағалау кезінде креативті ойлау технологияларын қолдануға көшеді. Курс мазмұны дивергентті ойлаудың базалық компоненттерін қалыптастырудан бастап,

оларды жобалық, зерттеушілік және практикаға бағытталған іс-әрекетте саналы әрі өздігінен қолдануға дейін жүйелі түрде күрделенеді.

Жүйелі тәсіл дивергентті ойлауды қиялды, ассоциативті ойлауды, ойлаудың икемділігін, идеяларды біріктіру (комбинациялау) қабілетін, сыни талдауды және мәселелерді шығармашылықпен шешуді қамтитын өзара байланысты когнитивті процестердің кешені ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Курстың барлық бөлімдері өзара байланысты және аталған компоненттердің жүйелі қалыптасуын қамтамасыз етеді[10].

Курсты іске асыру келесі принциптер негізінде жүзеге асырылады[10,11]:

- білім беру процесінің білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуын қамтамасыз ететін дамыта оқыту принципі;

- білім алушыларды белсенді танымдық іс-әрекетке тартуды, өз шешімдерін іздеуді және ерекше идеяларды ұсынуды көздейтін белсенділік пен өздігінен әрекет ету принципі;

- бір тапсырманы шешудің бірнеше дұрыс тәсілдерінің болуын және ойлау стратегияларының әртүрлілігін көтермелеуді қарастыратын вариативтілік принципі;

- қиял мен ассоциацияға арналған қарапайым жаттығулардан күрделі шығармашылық және жобалық тапсырмаларға біртіндеп көшуді қамтамасыз ететін біртіндеп күрделену принципі;

- дивергентті ойлаудың қалыптасқан дағдыларын оқу іс-әрекетінде және өмірлік жағдайларда қолдануды көздейтін практикалық бағыттылық принципі;

- бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруға, шешімдерді ұжымдық іздеуге және идеялармен алмасуға негізделген ынтымақтастық принципі.

Курс құрылымы дивергентті ойлауды қалыптастыру логикасына сәйкес құрылған және шығармашылық ойлаудың мәнін түсінуден оны практикада қолдануға біртіндеп көшуді көрсетеді. Курс мазмұнының жас ерекшеліктеріне қарай саралануы мектепте білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі білім алушылардың когнитивті және тұлғалық даму ерекшеліктеріне байланысты.

1-4 сынып оқушылары үшін курс мазмұны ойын және шығармашылық тапсырмалар арқылы қиялды, бейнелі және ассоциативті ойлауды дамытуға бағытталған. 5-8 сынып оқушылары үшін негізгі екпін идеяларды генерациялау әдістерін меңгеруге, ойлаудың икемділігін, талдау және шешімдерді ұжымдық іздеу дағдыларын дамытуға аударылады. 9-11 сынып оқушылары үшін курс мазмұны креативті ойлау технологияларын жобалық, зерттеушілік және практикаға бағытталған іс-әрекетте қолдануға, кейстерді шешуге және инновациялық шешімдерді әзірлеуге бағытталған.

Әрбір жас ерекшелік тобы өзінің танымдық даму деңгейіне сәйкес келетін және дивергентті ойлаудың қалыптасатын компоненттерінің біртіндеп күрделенуін қамтамасыз ететін курстың дербес мазмұндық модулін меңгереді.

Бірінші кезеңде білім алушылар дивергентті және конвергентті ойлау ұғымдарымен танысады, қазіргі әлемдегі креативтіліктің маңызын түсінеді

және идеяларды генерациялаудың алғашқы тәжірибесін жинақтайды. Бұл кезең «Дивергентті ойлауға кіріспе» бөлімі арқылы ұсынылған.

Екінші кезеңде визуалды, сөздік және ойын жаттығулары арқылы қиял мен ассоциативті ойлауды дамыту жүзеге асырылады. Білім алушылар объектілер мен құбылыстар арасында жаңа байланыстар орнатуды, үйреншікті бейнелерді қайта құруды және ерекше идеялар жасауды үйренеді. Кезең «Қиялды және ассоциативті ойлауды дамыту» және «Қиялды және креативті тәсілді дамыту» бөлімдерінде іске асырылады.

Үшінші кезең идеяларды генерациялау технологияларын меңгеруге және ойлаудың икемділігін дамытуға бағытталған. Курс мазмұнына миға шабуыл, синектика, SCAMPER әдістері, ассоциациялау техникасы және шешімдерді шығармашылықпен іздеудің басқа да құралдары енгізілген. Бұл кезеңде білім алушылар бір тапсырманы шешудің көптеген нұсқаларын жасау және олардың тиімділігін бағалау дағдыларын меңгереді.

Төртінші кезең талдамалық, сыни және жүйелі ойлауды дамытумен байланысты. Білім алушылар идеяларды талдауды, олардың ерекшелігін, практикалық маңыздылығын және іске асырылу мүмкіндіктерін бағалауды, сондай-ақ әртүрлі объектілер мен процестер арасындағы өзара байланысты көруді үйренеді.

Бесінші кезең дивергентті ойлауды оқу, әлеуметтік және жобалық іс-әрекетте қолдануды көздейді. Кейстерді орындау, шынайы проблемалық жағдаяттарды шешу, жобаларды әзірлеу және жұмыстың ұжымдық формаларына қатысу қалыптасқан дағдыларды практикалық іс-әрекетке көшіруге ықпал етеді.

Дивергентті ойлауды қалыптастыру кезеңдері білім алушылардың жас ерекшелік топтарымен сәйкес келеді және балалар мен жасөспірімдердің когнитивті даму ерекшеліктеріне сәйкес курс мазмұнының біртіндеп күрделенуін көрсетеді (Кесте 1).

Кесте 1 – Дивергентті ойлауды қалыптастыру кезеңдерінің білім алушылардың жас топтарымен сәйкестігі

Кезең	Кезеңнің атауы	Жас тобы	Кезеңнің мазмұны
1	Дивергентті ойлауға кіріспе	1-4 сыныптар	Дивергентті және конвергентті ойлау туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру, шығармашылық ізденіске және идеяларды генерациялауға деген қызығушылықты дамыту.
2	Қиялды және ассоциативті ойлауды дамыту	1-4 сыныптар	Бейнелі ойлауды, қиялды және объектілер мен құбылыстар арасында стандартты емес байланыстар орнату қабілетін дамыту.
3	Идеяларды генерациялау технологияларын	5–8 сыныптар	Шешімдерді шығармашылықпен іздеу әдістерін меңгеру, мәселені әртүрлі позициялардан қарастыру

	меңгеру және ойлаудың икемділігін дамыту		және іс-әрекеттің баламалы нұсқаларын ұсыну қабілетін дамыту.
4	Талдамалық, сыни және жүйелі ойлауды дамыту	5–8 сыныптар, 9–11 сыныптар	Идеяларды талдау, бағалау, іріктеу және жетілдіру дағдыларын қалыптастыру, дәлелдеу және рефлексия қабілетін дамыту.
5	Дивергентті ойлауды оқу, әлеуметтік және жобалық іс-әрекетте қолдану	9–11 сыныптар	Кейстерді шешу, жобаларды орындау, проблемалық жағдаяттарды модельдеу және инновациялық шешімдерді әзірлеу.

Курс мазмұны дивергентті ойлауның базалық компоненттерін қалыптастырудан бастап, оларды оқу, жобалық және әлеуметтік іс-әрекетте саналы әрі өздігінен қолдануға біртіндеп көшуді қамтамасыз етеді.

Курсты меңгерудің нәтижесі стандартты емес шешімдерді іздеуге, ерекше идеяларды генерациялауға, ақпаратты шығармашылықпен қайта құруға, командада өнімді өзара әрекеттесуге және оқу мен өмірлік тапсырмаларды өздігінен шешуге деген тұрақты қабілеттілікті қалыптастыру болып табылады.

Курстың тұжырымдамалық моделін келесі логикалық тізбек арқылы көрсетуге болады: Мақсат → Курстың бөлімдері → Жұмыс әдістері → Практика → Нәтижелер.

Курстың мақсаты креативтіліктің, қиялдың, ассоциативті ойлаудың мәнін, идеяларды генерациялау әдістерін және стандартты емес есептерді шешу тәсілдерін ашатын алты тақырыптық бөлімнің мазмұнын жүйелі түрде меңгеру арқылы білім алушылардың дивергентті ойлауын қалыптастыру мен дамытуда жатыр. Бұл мақсатты іске асыру білім алушылардың белсенді танымдық іс-әрекетіне бағытталған ойын, проблемалық, жобалық, зерттеушілік және интерактивті оқыту әдістерінің кешенін қолданумен қамтамасыз етіледі.

Практикалық, шығармашылық, жеке және командалық тапсырмаларды орындау процесінде қиялды, ассоциативтілікті, икемділікті, шапшаңдықты, ерекшелікті және ойлаудың сынилығын дамыту үшін жағдайлар жасалады. Курс мазмұнын жүйелі түрде меңгеру білім алушылардың әртүрлі идеяларды генерациялау, проблемаларды шешудің баламалы тәсілдерін табу, оқу және өмірлік іс-әрекетте шығармашылық тәсілді тиімді қолдану, сондай-ақ белгісіздік жағдайында күрделі және стандартты емес тапсырмаларды өздігінен шешу қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Курстың тұжырымдамалық моделі барлық жас ерекшелік топтарындағы білім алушылардың дивергентті ойлауын қалыптастырудың тұтас жүйесін қамтамасыз етеді, бұл ретте креативтілікті, зияткерлік икемділікті және тез өзгеретін әлем жағдайында тиімді іс-әрекетке дайындықты дамыту үшін жағдай жасайды.

3. Курсты іске асырудың ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттары

«Дивергентті ойлауды қалыптастыру және дамыту» курсын іске асырудың тиімділігі білім алушылардың шығармашылық белсенділігін, танымдық өздігінен әрекет етуін ынталандыратын және креативті әлеуетін дамытатын білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған ұйымдастырушылық-әдістемелік жағдайлар кешенін жасаумен қамтамасыз етіледі. Курс мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктерін және олардың танымдық қабілеттерінің қалыптасу деңгейін ескеретін теориялық және практикалық сабақтар жүйесі арқылы дивергентті ойлауды жүйелі дамытуға бағытталған.

Білім беру процесін ұйымдастыру білім алушыларды шығармашылық іс-әрекетке белсенді тартуды қамтамасыз ететін сабақтардың әртүрлі формаларын қолдануды көздейді. Курсты іске асырудың негізгі формалары интерактивті дәрістер, практикалық сабақтар, тренингтік жаттығулар, шығармашылық шеберханалар, іскерлік және рөлдік ойындар, топтық пікірталастар, жобалық іс-әрекет, кейс-тапсырмалар, зияткерлік конкурстар және жұмыс нәтижелерін таныстыру (презентациялау) болып табылады. Төменгі сынып оқушылары үшін қиялды, ассоциативті ойлауды және бір тапсырманы шешудің бірнеше нұсқасын табу қабілетін дамытуға бағытталған ойын түріндегі оқыту формалары басым мәнге ие. Орта және жоғары сынып оқушылары үшін оқу және өмірлік тапсырмаларды шешу кезінде дивергентті ойлауды қолдануға мүмкіндік беретін проблемалық-ізденістік, зерттеушілік және жобалық жұмыс формаларының үлесі артады [12].

Курс мазмұны білім алушылардың когнитивті икемділігі мен шығармашылық өнімділігін дамытуды қамтамасыз ететін оқыту әдістерінің кешені арқылы іске асырылады. Зияткерлік қиындық тудыратын жағдаяттарды жасауды және оларды еңсерудің әртүрлі тәсілдерін іздеуді көздейтін проблемалық оқыту әдістері жетекші орын алады. Миға шабуыл, синектика, фокальды объектілер әдісі, морфологиялық талдау, «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі, SCAMPER және әртүрлі ассоциативті техникаларды қоса алғанда, идеяларды генерациялау әдістері кеңінен қолданылады. Эмоционалды жайлы білім беру ортасы жағдайында шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін ойын әдістерінің маңызы зор. Курсты меңгеру процесінде өз идеяларын талдау, бағалау және жетілдіру қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін жобалық іс-әрекет әдістері, кейс-әдіс, пікірталас әдістері, ұжымдық талқылау және рефлексия әдістері де қолданылады.

Курсты технологиялық қамтамасыз ету тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған қазіргі заманғы білім беру технологияларына негізделген. Дамыта, проблемалық, жобалық және ойын арқылы оқыту технологиялары, сондай-ақ сыни ойлауды дамыту технологиялары жетекші орын алады.

Шешімдерді ұжымдық іздеуді ұйымдастыруды және білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуды қамтамасыз ететін ынтымақтастық технологиялары маңызды орынға ие. Орта және жоғары сынып оқушылары үшін ақпаратты өздігінен іздеуді жүзеге асыруға,

проблемаларды шешудің әртүрлі тәсілдерін талдауға және өз жобаларын жасауға мүмкіндік беретін зерттеу технологиялары белсенді қолданылады. Курсты іске асыру сонымен қатар бірлескен шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру үшін цифрлық білім беру технологияларын, интерактивті платформаларды, мультимедиялық ресурстарды, электрондық тренажерлерді және онлайн-құралдарды пайдалануды көздейді [13].

Курстың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі дивергентті ойлауды қалыптастыру және дамыту міндеттеріне сәйкес келуі тиіс. Сабақтарды өткізу үшін қазіргі заманғы техникалық оқыту құралдарымен, соның ішінде компьютер немесе ноутбукпен, мультимедиялық проектормен, интерактивті панельмен немесе интерактивті тақтамен, акустикалық жүйемен және Интернет желісіне қосылу мүмкіндігімен жабдықталған оқу кабинеттері қажет. Практикалық және жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру үшін үлестірмелі материалдар, тапсырмалары бар карточкалар, шығармашылық модельдеуге арналған жиынтықтар, флипчарттар, маркерлер, әртүрлі форматтағы қағаздар, идеялар мен ұжымдық жұмыс нәтижелерін визуалды көрсету (визуализациялау) құралдары қолданылады. Курстың жекелеген бөлімдерін іске асыру кезінде интеллект-карталарды, презентацияларды, визуалды модельдерді және ұжымдық жобаларды жасауға арналған цифрлық сервистер қолданылуы мүмкін. Аталған ресурстарды пайдалану білім алушылардың қиялын, ойлауының икемділігін, ерекшелігін және өнімділігін дамытуға бағытталған білім беру процесін ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді[13].

Жасалған ұйымдастырушылық-әдістемелік жағдайлар курстың барлық бөлімдерінің мазмұнын – дивергентті ойлау туралы алғашқы түсініктерді қалыптастырудан бастап, идеяларды генерациялау әдістерін меңгеруге, стандартты емес есептерді шешуге және жобалық, оқу және әлеуметтік іс-әрекетте креативті стратегияларды қолдануға дейін жүйелі түрде іске асыруды қамтамасыз етеді. Сипатталған жағдайлар курстың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді және білім алушыларда өмірлік іс-әрекеттің әртүрлі салаларындағы проблемаларды шығармашылықпен шешуге деген тұрақты дайындықты қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4. Диагностикалық құралдар жиынтығы

«Дивергентті ойлауды қалыптастыру және дамыту» курсының диагностика жүйесі білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерінің даму динамикасын, сондай-ақ дивергентті ойлаудың негізгі компоненттерінің қалыптасу деңгейін бағалауға бағытталған.

Диагностикалық құралдар курстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес әзірленген және дивергентті ойлаудың негізгі компоненттерінің: идеялардың шапшаңдығы, икемділігі, бірегейлігі, егжей-тегжейлілігі, ассоциативтілігі, қиялы және баламалы шешімдерді іздеу қабілетінің қалыптасу деңгейін анықтауға бағдарланған. Диагностика үш кезеңде жүзеге асырылады: кіріспе, аралық және қорытынды.

Кіріспе диагностика курс мазмұнын меңгеру басталғанға дейін өткізіледі және оқушылардың дивергентті ойлауының даму деңгейінің

бастапқы күйін анықтауға бағытталған. Бұл кезеңнің негізгі міндеті — шешімдердің әртүрлі нұсқаларын жасау (генерациялау), объектілер мен құбылыстар арасындағы стандартты емес байланыстарды орнату, шығармашылық бастама таныту және тапсырмаларды орындау процесінде қиялды қолдану қабілетін анықтау болып табылады. Кіріспе диагностиканы жүргізу үшін кіріспе диагностикалық модуль (курстың нөлдік модулі) қолданылады. Мұнда идеяларды еркін туындатуға арналған тапсырмалар, аяқталмаған бейнелер мен оқиғаларды аяқтауға бағытталған жаттығулар, ассоциативті тапсырмалар, дивергентті ойлаудың мәнін түсіну бойынша тест сұрақтары, сондай-ақ ашық жауапты шығармашылық тапсырмалар пайдаланылады. Алынған нәтижелер білім алушылардың старттық деңгейін анықтауға және оларды оқу жетістіктерінің әрі қарайғы мониторингі үшін негіз ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Аралық диагностика курстың жекелеген бөлімдері аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады және оқу процесінде дивергентті ойлаудың даму динамикасын бақылауға арналған. Бұл кезеңде білім алушылардың идеяларды генерациялау әдістерін меңгеру дәрежесі, қиялдың даму деңгейі, стандартты емес есептерді шешуде үйренген тәсілдерді қолдану қабілеті, сондай-ақ жеке және топта жұмыс істей білу дағдысы бағаланады. Диагностикалық құралдар ретінде практикалық тапсырмалар, кейстер, ойын жаттығулары, мини-жобалар, шығармашылық жұмыстар, пікірталастар мен іс-әрекет нәтижелерінің таныстырылымдары пайдаланылады. Аралық диагностика білім алушылардың қиындықтарын дер кезінде анықтауға, сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізуге және білім беру процесін даралауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытынды диагностика курс аяқталғаннан кейін өткізіледі және қол жеткізілген оқу нәтижелерін кешенді бағалауға бағытталған. Қорытынды бағалау білім алушылардың дивергентті ойлаудың әртүрлі стратегияларын қолдануды талап ететін шығармашылық және проблемалық тапсырмаларды орындауын көздейді. Көптеген идеяларды туындату, бірегей шешімдер ұсыну, әрекеттердің белгілі тәсілдерін қиюластыру (комбинациялау), өз ұстанымын негіздеу және алынған білімді жаңа жағдайларда қолдану қабілетіне ерекше назар аударылады. Кешенді шығармашылық тапсырмалар, жобалық жұмыстар, кейстерді шешу, өз идеяларын таныстыру және қорытынды тестілеуден өту қорытынды диагностиканың формалары болып табылады. Кіріспе және қорытынды диагностика нәтижелерін салыстыру курстың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін анықтауға және білім беру бағдарламасының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Курсты меңгеру нәтижелерін бағалау дивергентті ойлаудың негізгі көрсеткіштерін көрсететін критерийлер жүйесі негізінде жүзеге асырылады. Негізгі критерийлерге мыналар жатады:

- ойлаудың шапшаңдығы (еркіндігі) - білім алушының шектеулі уақыт ішінде айтарлықтай көп идеялар санын туындату қабілетін сипаттайды;
- ойлаудың икемділігі - шешім қабылдаудың бір тәсілінен екіншісіне ауыса білу және әртүрлі тәсілдерді қолдана алу қабілетін көрсетеді;

-ойлаудың бірегейлігі (оригиналдығы) - ерекше және стандартты емес идеяларды жасаудан көрінеді;

-идеялардың егжей-тегжейлілігі (айқындалуы) - ұсынылған шешімдерді егжей-тегжейлі сипаттау және жетілдіру қабілетін сипаттайды;

-ойлаудың дербестігі - шешім нұсқаларын тәуелсіз іздеуге дайындығын көрсетеді;

-ұсынылған идеялардың практикалық қолданылуы.

Бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету және формальды тәсіл қаупін азайту үшін әрбір критерий тиісті дескрипторлар негізінде бағаланады (Кесте 2).

Кесте 2 – Білім алушылардың дивергентті ойлауының даму деңгейін бағалау критерийлері мен дескрипторлары

Критерий	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
Ойлаудың шапшандығы	Шектеулі уақыт ішінде әртүрлі идеялардың көп санын туындатады	Тапсырманы шешудің бірнеше нұсқасын ұсынады	Идеяларды туындатуда қиналады, 1-2 нұсқаны ғана ұсынады
Ойлаудың икемділігі	Шешімнің әртүрлі стратегияларын қолданады, тәсілдер арасында оңай ауысады	Тапсырманы шешудің 2-3 тәсілін қолданады	Шешімнің тек бір ғана тәсілін ұстанады
Ойлаудың бірегейлігі	Стандартты емес, бірегей идеяларды ұсынады	Үлгілі идеялармен қатар жекелеген бірегей идеяларды да ұсынады	Негізінен стандартты шешімдерді ұсынады
Идеялардың егжей-тегжейлілігі	Ұсынылған шешімдерді егжей-тегжейлі сипаттайды және негіздейді	Идеяның мазмұнын жартылай ашады	Егжей-тегжейлі сипаттамасыз, идеяны қысқаша баяндаумен ғана шектеледі
Ойлаудың дербестігі	Тапсырмаларды өз бетінше орындайды және шешімдер қабылдайды	Тапсырмаларды педагогтің шамалы қолдауымен орындайды	Тұрақты көмек пен нұсқауларды қажет етеді
Идеялардың практикалық қолданылуы	Ұсынылған шешімдер шынайы және практикада жүзеге асырылуы мүмкін	Шешімдер практикалық іс-әрекетте жартылай қолданылады	Ұсынылған идеяларды жүзеге асыру қиын немесе олардың практикалық құндылығы жоқ

Осы дескрипторларды қолдану бағалаудың бірыңғайлығын, диагностика нәтижелерін интерпретациялаудың (түсіндірудің) объективтілігін және курсты меңгерудің әртүрлі кезеңдерінде білім

алушылардың дивергентті ойлауының даму динамикасын бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оқу жетістіктерін бағалау үшін үш деңгейлі шкала қолданылады:

-Жоғары деңгей – білім алушының дербес түрде көптеген бірегей идеяларды туындату, есептерді шешудің әртүрлі стратегияларын пайдалану және жаңа жағдайларда дивергентті ойлау әдістерін тиімді қолдану қабілетімен сипатталады.

-Орта деңгей – педагогтің шамалы қолдауымен тапсырмалардың көпшілігін сәтті орындауды және шешімнің бірнеше нұсқасын қолдануды көздейді.

-Төмен деңгей – идеяларды туындатудағы қиындықтармен, ұсынылатын шешімдер санының шектеулілігімен және шығармашылық тапсырмаларды орындау кезіндегі дербестіктің жеткіліксіздігімен сипатталады.

Диагностика нәтижелері курстың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін ғана емес, сонымен қатар бағдарлама мазмұнын жетілдіру, оқытудың ең тиімді әдістерін таңдау және білім алушылардың жеке білім беру траекторияларын құру үшін де пайдаланылады. Мұндай тәсіл дивергентті ойлаудың дамуына үздіксіз мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді және оқытудың барлық кезеңдерінде курстың жүзеге асырылу тиімділігін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

5. Оқу-тақырыптық жоспар

№	Тақырып	Сағат саны	Сабақ түрі:	
			теориялық	практикалық
	1–4 сынып			
	1-бөлім. Дивергентті ойлауға кіріспе			
1	Дивергентті және конвергентті ойлау ұғымы	1	1	
2	Креативтілікті дамытудағы дивергентті ойлаудың маңызы	1	1	
3	Қиял және ассоциативті ізденіс құралдары арқылы дивергентті ойлауды дамытуға арналған практикалық жаттығулар.	2	1	1
	2-бөлім. Қиял мен ассоциативті ойлауды дамыту			
4	Бейнелі ойлауға арналған жаттығулар (визуалды ассоциациялар, «... не ойлап табуға болады?»).	2		2
5	Ассоциацияларды ынталандыру әдістері: «ассоциациялар тізбегі», «метафоралық карталар».	2		2
6	Ойын тапсырмалары: ерекше хикаялар, суреттер құрастыру, қиялдан туған заттарды жасау.	2		2
	3-бөлім. Ойын – дивергентті ойлау құралы ретінде			

7	Ойлау икемділігін дамытудағы ойындардың рөлі	2	1	1
8	Тапсырмаларды стандартты емес тәсілмен шешуге арналған ойындар: «Хикаяны аяқта», «Ғажайып комбинациялар»	2	1	1
9	Идеялар генерациясына (туындатуға) және бірлескен шығармашылыққа арналған командалық жаттығулар	2	1	1
4-бөлім. Сөздер мен бейнелер арқылы шығармашылық қабілеттерді дамыту				
10	Сөздік ойындар: жаңа сөздер құрастыру, «балама атаулар», каламбурлар (сөз ойнату)	2		
11	Визуалды тапсырмалар: қиял-ғажайып суреттер, қарапайым затты ерекше затқа айналдыру	2		
12	Еркін импровизация – жеке креативтілікті ашу құралы ретінде	2		
5-бөлім. Стандартты емес тапсырмаларды шешу				
13	Баламалы ойлауды ынталандыратын логикалық және стандартты емес тапсырмалар	2		
14	Балалар практикасындағы «ми шабуылы» және «ойлаудың алты қалпағы» әдістері	2		
15	Қарапайым мектеп тапсырмаларының өзіндік ерекше шешімдерін жасау	2		
6-бөлім. Дағдыларды интеграциялау және қолдану				
16	Жобалық іс-әрекет: дивергентті ойлауды қолдана отырып, шағын жоба немесе таныстырылым дайындау	2	1	1
17	Идеялар мен креативті шешімдердің ойын-байқауы	2		2
18	Дивергентті ойлауды дамытудың жеке стратегиясын әзірлеу	2	1	1
	Жалпы	34		
5–8 сынып				
1-бөлім. Дивергентті ойлауға кіріспе				
1	Ұғымдар: дивергентті vs конвергентті ойлау	1	1	
2	Ойлау икемділігі мен креативтілікті дамыту неліктен маңызды?	1	1	

3	Өзіндік ерекшелікті танытуға арналған шағын ойындар: ассоциациялар, үйреншікті сұрақтарға стандартты емес жауаптар	2	1	1
2-бөлім. Қиял мен креативті тәсілді дамыту				
4	Визуалды қиялы: объектілерді трансформациялау, «үйреншікті заттарды жаңаша қолдану»	2	1	1
5	Сөздік қиял: ерекше хикаялар мен баламалы аяқталулар ойлап табу	2	1	1
6	Бір тапсырманы шешудің көптеген нұсқаларын табуға арналған жаттығулар	2	1	1
3-бөлім. Идеяларды генерациялау әдістері				
7	Жасөспірімдерге арналған «ми шабуылы», «синектика», «ойлаудың алты қалпағы» техникалары	2	1	1
8	Идеяларды біріктіру (комбинациялау) практикасы, ойлау икемділігін дамыту	2	1	1
9	Стандартты емес шешімдердің максималды санын жасауға арналған тапсырмалар	2	1	1
4-бөлім. Аналитикалық және сыни ойлауды дамыту				
10	Идеяларды салыстыру: ерекшелігі мен практикалық тиімділігін бағалау	2	1	1
11	Бірнеше шешімі бар логикалық және стандартты емес тапсырмалар	2		2
12	Стандартты емес идеяларды дәлелдеуге арналған пікірталастар мен топтық жаттығулар	2	1	1
5-бөлім. Оқу және өмірлік тапсырмаларды шығармашылықпен шешу				
13	Оқу үдерісінде дивергентті ойлауды қолдану: математика, әдебиет, жобалық тапсырмалар	2	1	1
14	Стратегиялық ойлауды дамытуға арналған «егер ... не болады?» сценарийлері	2		2
15	Жеке және топтық креативті жобалар	2		2
6-бөлім. Жобалық іс-әрекет және практика				
16	Шағын жобаларды әзірлеу: шынайы мәселелерге арналған таныстырылымдар	2		2

	(презентациялар), креативті идеялар			
17	Командада жұмыс істеу: рөлдерді бөлу, идеяларды туындату, шешімдерді визуалдау	2		2
18	Креативті ойлауды әрі қарай дамыту стратегиясын әзірлеу	2		2
	Жалпы	34		
9–11 сынып				
1-бөлім. Дивергентті ойлау мен креативтілікке кіріспе				
1	Ұғымдар: дивергентті vs конвергентті ойлау	1	1	
2	Оқудағы, мансаптағы және өмірдегі креативтіліктің рөлі	1	1	
3	Өзін-өзі диагностикалау: креативтілік пен ойлау икемділігінің деңгейін бағалау	2		2
4	Ерекше идеялар мен ассоциацияларды туындатуға арналған шағын жаттығулар	2		2
2-бөлім. Идеяларды туындату және мәселелерді шығармашылықпен шешу әдістері				
5	Ми шабуылы, синектика, SCAMPER, ойлаудың алты қалпағы техникалары	1	1	
6	Шектеулермен жұмыс: креативтілікті арттыру үшін шеңберлер мен шектеулерді қалай қолдануға болады?	1	1	
7	Практикалық тапсырмалар: бір мәселенің бірнеше шешімін іздеу, стандартты емес сценарийлер құру	2	1	1
3-бөлім. Сыни және аналитикалық ойлауды дамыту				
8	Идеяларды бағалау: ерекшелігі, іске асырылуы, логикалық құрылымы	2	1	1
9	Бірнеше дұрыс шешімі бар логикалық және шығармашылық тапсырмалар	2	1	1
10	Өз идеяларын аргументациялау бойынша пікірталастар, контр-аргументацияға арналған топтық жұмыстар	2	1	1
4-бөлім. Пәнаралық креативтілік және жобалық жұмыс				
11	Ғылымда, әдебиетте, өнерде дивергентті ойлауды қолдану	2	1	1

12	Шағын жобалар: жаңа өнімдерді әзірлеу, процестерді жақсарту, зерттеу идеялары	2	1	1
13	Командада жұмыс істеу: идеяларды туындату, рөлдерді бөлу, шешімдерді визуалдау	2	1	1
5-бөлім. Нақты тапсырмаларды шығармашылықпен шешу				
14	Шынайы өмірден және кәсіби саладан алынған кейстерді шешу	2	1	1
15	Стратегиялық және инновациялық ойлауға арналған «егер ... не болады?» әдісі	2	1	1
16	Бірнеше шешім нұсқалары бар жеке және топтық тапсырмалар	2		
6-бөлім. Инновациялық және жүйелі ойлауды дамыту				
17	Идеяларды біріктіру және жаңа концепциялар құру	1	1	
18	Жүйелі ойлау: білімнің әртүрлі салалары арасындағы байланысты көре білу	1	1	
19	Практикалық жаттығулар: баламалы сценарийлерді жобалау, күрделі жүйелерді модельдеу	2		2
20	Дивергентті ойлауды әрі қарай дамытудың жеке стратегиясын әзірлеу	2		2
	Жалпы	34		

6. Курс мазмұны

1–4 сынып

1-бөлім. Дивергентті ойлауға кіріспе - 4 сағат

Дивергентті және конвергентті ойлау ұғымы Креативтілікті дамытудағы дивергентті ойлаудың маңызы Қиял және ассоциативті ізденіс құралдары арқылы дивергентті ойлауды дамытуға арналған практикалық жаттығулар.

2-бөлім. Қиял мен ассоциативті ойлауды дамыту – 6 сағат

Бейнелі ойлауға арналған жаттығулар (визуалды ассоциациялар, «... не ойлап табуға болады?»). Ассоциацияларды ынталандыру әдістері: «ассоциациялар тізбегі», «метафоралық карталар». Ойын тапсырмалары: ерекше хикаялар, суреттер құрастыру, қиялдан туған заттарды жасау.

3-бөлім. Ойын – дивергентті ойлау құралы ретінде – 6 сағат

Ойлау икемділігін дамытудағы ойындардың рөлі. Тапсырмаларды стандартты емес тәсілмен шешуге арналған ойындар: «Хикаяны аяқта», «Ғажайып комбинациялар». Идеялар генерациясына (туындатуға) және бірлескен шығармашылыққа арналған командалық жаттығулар

4-бөлім. Сөздер мен бейнелер арқылы шығармашылық қабілеттерді дамыту – 6 сағат

Сөздік ойындар: жаңа сөздер құрастыру, «балама атаулар», каламбурлар (сөз ойнату). Визуалды тапсырмалар: қиял-ғажайып суреттер, қарапайым затты ерекше затқа айналдыру. Еркін импровизация – жеке креативтілікті ашу құралы ретінде.

5-бөлім. Стандартты емес тапсырмаларды шешу – 6 сағат

Баламалы ойлауды ынталандыратын логикалық және стандартты емес тапсырмалар. Балалар практикасындағы «ми шабуылы» және «ойлаудың алты қалпағы» әдістері. Қарапайым мектеп тапсырмаларының өзіндік ерекше шешімдерін жасау.

6-бөлім. Дағдыларды интеграциялау және қолдану – 6 сағат

Жобалық іс-әрекет: дивергентті ойлауды қолдана отырып, шағын жоба немесе таныстырылым дайындау. Идеялар мен креативті шешімдердің ойын-байқауы. Дивергентті ойлауды дамытудың жеке стратегиясын әзірлеу.

5–8 сынып

1-бөлім. Дивергентті ойлауға кіріспе – 4 сағат

Ұғымдар: дивергентті vs конвергентті ойлау. Ойлау икемділігі мен креативтілікті дамыту неліктен маңызды? Өзіндік ерекшелікті танытуға арналған шағын ойындар: ассоциациялар, үйреншікті сұрақтарға стандартты емес жауаптар.

2-бөлім. Қиял мен креативті тәсілді дамыту – 6 сағат

Визуалды қиялы: объектілерді трансформациялау, «үйреншікті заттарды жаңаша қолдану». Сөздік қиял: ерекше хикаялар мен баламалы аяқталулар ойлап табу. Бір тапсырманы шешудің көптеген нұсқаларын табуға арналған жаттығулар

3-бөлім. Идеяларды генерациялау әдістері – 6 сағат

Жасөспірімдерге арналған «ми шабуылы», «синектика», «ойлаудың алты қалпағы» техникалары. Идеяларды біріктіру (комбинациялау) практикасы, ойлау икемділігін дамыту. Стандартты емес шешімдердің максималды санын жасауға арналған тапсырмалар

4-бөлім. Аналитикалық және сыни ойлауды дамыту – 6 сағат

Идеяларды салыстыру: ерекшелігі мен практикалық тиімділігін бағалау. Бірнеше шешімі бар логикалық және стандартты емес тапсырмалар. Стандартты емес идеяларды дәлелдеуге арналған пікірталастар мен топтық жаттығулар

5-бөлім. Оқу және өмірлік тапсырмаларды шығармашылықпен шешу – 6 сағат

Оқу үдерісінде дивергентті ойлауды қолдану: математика, әдебиет, жобалық тапсырмалар. Стратегиялық ойлауды дамытуға арналған «егер ... не болады?» сценарийлері. Жеке және топтық креативті жобалар.

6-бөлім. Жобалық іс-әрекет және практика – 6 сағат

Шағын жобаларды әзірлеу: шынайы мәселелерге арналған таныстырылымдар (презентациялар), креативті идеялар. Командада жұмыс

істеу: рөлдерді бөлу, идеяларды туындату, шешімдерді визуалдау. Креативті ойлауды әрі қарай дамыту стратегиясын әзірлеу

9–11 сынып

1-бөлім. Дивергентті ойлау мен креативтілікке кіріспе – 6 сағат

Ұғымдар: дивергентті vs конвергентті ойлау. Оқудағы, мансаптағы және өмірдегі креативтіліктің рөлі. Өзін-өзі диагностикалау: креативтілік пен ойлау икемділігінің деңгейін бағалау. Ерекше идеялар мен ассоциацияларды туындатуға арналған шағын жаттығулар

2-бөлім. Идеяларды туындату және мәселелерді шығармашылықпен шешу әдістері – 4 сағат

Ми шабуылы, синектика, SCAMPER, ойлаудың алты қалпағы техникалары. Шектеулермен жұмыс: креативтілікті арттыру үшін шеңберлер мен шектеулерді қалай қолдануға болады? Практикалық тапсырмалар: бір мәселенің бірнеше шешімін іздеу, стандартты емес сценарийлер құру

3-бөлім. Сыни және аналитикалық ойлауды дамыту – 6 сағат

Идеяларды бағалау: ерекшелігі, іске асырылуы, логикалық құрылымы. Бірнеше дұрыс шешімі бар логикалық және шығармашылық тапсырмалар. Өз идеяларын аргументациялау бойынша пікірталастар, контр-аргументацияға арналған топтық жұмыстар.

4-бөлім. Пәнаралық креативтілік және жобалық жұмыс – 6 сағат

Ғылымда, әдебиетте, өнерде дивергентті ойлауды қолдану. Шағын жобалар: жаңа өнімдерді әзірлеу, процестерді жақсарту, зерттеу идеялары. Командада жұмыс істеу: идеяларды туындату, рөлдерді бөлу, шешімдерді визуалдау.

5-бөлім. Нақты тапсырмаларды шығармашылықпен шешу – 6 сағат

Шынайы өмірден және кәсіби саладан алынған кейстерді шешу. Стратегиялық және инновациялық ойлауға арналған «егер ... не болады?» әдісі. Бірнеше шешім нұсқалары бар жеке және топтық тапсырмалар

6-бөлім. Инновациялық және жүйелі ойлауды дамыту – 6 сағат

Идеяларды біріктіру және жаңа концепциялар құру. Жүйелі ойлау: білімнің әртүрлі салалары арасындағы байланысты көре білу. Практикалық жаттығулар: баламалы сценарийлерді жобалау, күрделі жүйелерді модельдеу. Дивергентті ойлауды әрі қарай дамытудың жеке стратегиясын әзірлеу.

7. Бағалау құралдарының қоры

«Дивергентті ойлауды қалыптастыру және дамыту» курсының бағалау құралдарының қоры білім алушылардың дивергентті ойлауының, шығармашылық қабілеттерінің, ойлау икемділігінің, идеяларының ерекшелігі мен стандартты емес тапсырмаларды шешу қабілетінің қалыптасу деңгейін бағалауға арналған диагностикалық материалдар жиынтығы болып табылады. Бағалау құралдары курсты іске асырудың барлық кезеңдерінде қолданылады және оқудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуді объективті мониторингілеуді қамтамасыз етеді.

Бағалаудың негізгі құралдарының бірі – білім алушылардың дивергентті ойлаудың мәні, оның ерекшеліктері, идеяларды туындату әдістері және шығармашылық тапсырмаларды шешу тәсілдері туралы білімін тексеруге бағытталған тест тапсырмалары. Тестілер дұрыс жауапты таңдау, сәйкестікті орнату, объектілерді жіктеу, жағдаяттарды талдау және проблемаларды шешудің ең тиімді стратегияларын анықтау тапсырмаларын қамтиды. Бастауыш мектеп жасындағы білім алушылар үшін тест тапсырмалары негізінен ойын және визуалды сипатта болады, ал орта және жоғары мектеп жасындағы білім алушылар үшін әртүрлі шешім нұсқаларын дәлелдеуді және салыстыруды талап ететін аналитикалық бағыттағы тапсырмалар қолданылады.

Бағалау жүйесінде білім алушылардың жаңа идеялар мен өзіндік ерекше шешімдерді туындату қабілетін анықтауға мүмкіндік беретін шығармашылық тапсырмалар маңызды орын алады. Шығармашылық тапсырмаларды бағалау дивергентті ойлаудың негізгі компоненттерін көрсететін критерийлер жүйесі негізінде жүзеге асырылады. Тексеру кезінде ұсынылған идеялардың саны (ойлау ұшқырлығы), тәсілдер мен шешу жолдарының әртүрлілігі (ойлау икемділігі), ұсынылған нұсқалардың жаңалығы мен стандартты еместік деңгейі (ойлау ерекшелігі), идеяның егжей-тегжейлілігі мен пысықталу деңгейі (өңделуі), сондай-ақ ұсынылған шешімді практикада қолдану мүмкіндігі ескеріледі.

Әрбір критерий үш деңгейлі шкала бойынша (жоғары, орта, төмен деңгей) бағаланады. Жоғары деңгей көптеген ерекше және егжей-тегжейлі өңделген идеяларды өз бетінше жасауды білдіреді; орта деңгей шешімнің бірнеше нұсқасының және ерекшеліктің жекелеген элементтерінің болуымен сипатталады; төмен деңгей стандартты шешімдердің шектеулі санынан және тапсырманы орындау кезінде өз бетінше әрекет етудің жеткіліксіздігінен көрінеді.

Бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету үшін бақылау парақтары, сарапшылық бағалау парақтары және әрбір критерий бойынша әзірленген дескрипторлар қолданылады. Шығармашылық тапсырманың қорытынды бағасы білім алушының жұмысты орындау үдерісінде көрсеткен дивергентті ойлауының барлық көрсеткіштерін кешенді талдау негізінде қалыптасады.

Практикалық жағдаяттарда дивергентті ойлауды қолдану қабілетін тексеру үшін кейс-тапсырмалар қолданылады. Кейстер бірнеше шешім нұсқасын іздеуді және ең тиімді әрекет тәсілін таңдауды талап ететін нақты немесе модельденген проблемалық жағдаяттарды білдіреді. Білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты кейстер оқу іс-әрекетімен, тұлғааралық өзара әрекеттестікпен, мектеп іс-шараларын ұйымдастырумен, экологиялық, әлеуметтік немесе тұрмыстық мәселелерді шешумен байланысты болуы мүмкін. Кейстерді бағалау кезінде ұсынылған шешімдердің саны, олардың әртүрлілігі, ерекшелігі, негізділігі және практикалық жүзеге асырылу мүмкіндігі ескеріледі.

Дивергентті ойлаудың қалыптасуын бағалаудың қорытынды құралы жобалық іс-әрекет болып табылады. Жобаларды орындау курсты меңгеру

үдерісінде алынған білім мен дағдыларды кіріктіруге және білім алушылардың шығармашылық идеяларды өз бетінше іздеу мен іске асыру қабілетін көрсетуге мүмкіндік береді. Жобаларды бағалау келесі критерийлерді қамтитын арнайы рубрикалар негізінде жүзеге асырылады: идеяның ерекшелігі, жұмысты өз бетінше орындау деңгейі, шешімнің пысықталу сапасы, жобаның практикалық маңыздылығы, дивергентті ойлау әдістерін қолдану, нәтижелерді таныстыру (презентациялау) сапасы және ұсынылған шешімдерді дәлелді түрде қорғай білу қабілеті. Әрбір критерий үш деңгейлі шкала бойынша бағаланады: жетістіктің жоғары, орта және базалық деңгейі.

Жоғары деңгей өзіндік ерекше идеяның болуымен, жобаны өз бетінше орындаумен, шешімнің терең пысықталуымен және оның практикалық маңыздылығының сенімді негізделуімен сипатталады. Орта деңгей қызықты идеяның болуын және егжей-тегжейлі сипаттау мен дәлелдеуде кейбір қиындықтар туындаған кезде өз бетінше әрекет етудің жеткілікті деңгейін болжайды. Төмен деңгей типтік шешімдерді қолданумен, өз бетінше әрекет етудің шектеулілігімен және жобаның жекелеген элементтерінің жеткіліксіз пысықталуымен сипатталады.

Білім алушылардың дамуын жүйелі түрде мониторингілеуді қамтамасыз ету үшін педагогикалық бақылаудың чек-парақтары қолданылады. Бақылау практикалық, ойын, зерттеу және жобалық тапсырмаларды орындау барысында жүзеге асырылады. Чек-парақтар дивергентті ойлаудың негізгі сипаттамаларының көріністерін тіркеуге және олардың бүкіл курс бойындағы динамикасын бағалауға мүмкіндік береді.

Чек-парақтың құрылымына келесі көрсеткіштер кіреді: жаңа идеяларды іздеуге қызығушылық танытады; бір тапсырманы шешудің бірнеше нұсқасын ұсынады; проблемаларды шешудің стандартты емес тәсілдерін қолданады; объектілер мен құбылыстар арасында ерекше байланыстар орнатады; идеяларды ұжымдық талқылауға белсенді қатысады; ұсынылған шешімдерді дамытуға және жетілдіруге қабілетті; ойлау дербестігін көрсетеді; өз позициясын дәлелдейді (аргументтейді); баламалы көзқарастарды қабылдауға дайын; топтық тапсырмаларды орындау кезінде басқа қатысушылармен тиімді өзара әрекеттеседі.

Әрбір көрсеткішті бағалау үш балдық шкала бойынша жүзеге асырылады: 0 балл – көрсеткіш көрінбейді; 1 балл – эпизодтық түрде (ара-тұра) немесе педагогтің қолдауымен көрінеді; 2 балл – тұрақты және өз бетінше көрінеді. Алынған нәтижелер білім алушылардың жеке прогресін талдау және білім беру үдерісін түзету үшін қолданылады.

Тестілерді, шығармашылық тапсырмаларды, кейстерді, жобалық жұмыстарды, бағалау рубрикаларын және бақылау чек-парақтарын кешенді түрде қолдану дивергентті ойлаудың қалыптасу деңгейін объективті бағалауды қамтамасыз етеді, білім алушылардың даму динамикасын қадағалауға және курстың мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізілгенін растауға мүмкіндік береді.

8. Педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар

«Дивергентті ойлауды қалыптастыру және дамыту» курсының іске асырудың нәтижелілігі көбіне білім алушылардың шығармашылық іс-әрекетке белсенді араласуын, психологиялық тұрғыдан қауіпсіз ортаның қалыптасуын және танымдық бастамаларды қолдауды қамтамасыз ететін білім беру үдерісінің ұйымдастырылуына байланысты. Педагогтің негізгі міндеті – дайын шешімдерді беру емес, білім алушылардың жауаптың әртүрлі нұсқаларын өз бетінше іздеуіне, проблемаға әртүрлі тұрғыдан қарау қабілетін дамытуына және өздерінің ерекше идеяларын әзірлеуіне жағдай жасау болып табылады.

Сабақтарды өткізуді дивергентті ойлау компоненттерінің жүйелі қалыптасуын қамтамасыз ететін біртұтас логикаға сәйкес құру ұсынылады. Әрбір сабақты танымдық қызығушылықты арттыруға және білім алушыларды проблемалық жағдаятқа тартуға бағытталған мотивациялық кезеңнен бастаған жөн. Кіріспе элементтер ретінде ерекше сұрақтар, шығармашылық сергітулер, ассоциативті жаттығулар, проблемалық хикаялар немесе стандартты емес жағдаяттарды көрсету қолданылуы мүмкін. Сабақтың негізгі бөлімі идеяларды туындатуға, шешімнің бірнеше нұсқасын іздеуге, қиял мен ойлау икемділігін дамытуға бағытталған практикалық тапсырмаларды орындауды қамтуы тиіс. Қорытынды кезең рефлексия болып табылады, оның барысында білім алушылар өз іс-әрекетін талдайды, қолданылған стратегиялардың тиімділігін бағалайды және ұсынылған шешімдерді жетілдірудің ықтимал бағыттарын талқылайды.

Сабақтарды ұйымдастыру кезінде біртіндеп күрделендіру принципін ұстану ұсынылады. Оқытудың бастапқы кезеңдерінде қиялды, ассоциативті ойлауды және идеяларды еркін туындатуды дамытуға арналған тапсырмаларды қолданған жөн. Курсты меңгеру деңгейіне қарай идеяларды туындатудың әртүрлі әдістерін қолдануды және өз бетінше шешім қабылдауды талап ететін неғұрлым күрделі шығармашылық тапсырмаларға, кейстерге, зерттеу тапсырмаларына және жобалық іс-әрекетке көшу қажет. Білім алушылар ерекше болжамдар жасаудан және қойылған тапсырмаларды шешудің стандартты емес нұсқаларын ұсынудан қорықпайтын интеллектуалды бостандық атмосферасын құруға ерекше назар аудару керек.

Топтық жұмысты ұйымдастыру ынтымақтастық дағдыларын, идеялармен алмасуды және ұжымдық шығармашылықты дамытуға бағытталуы тиіс. Топтарды қалыптастыруды әртүрлілік принципін ескере отырып, дайындық деңгейі, тәжірибесі және ойлау ерекшеліктері әртүрлі білім алушыларды біріктіру арқылы жүзеге асыру ұсынылады. Топтық тапсырмаларды орындау барысында әрбір қатысушыға өз идеяларын айтуға және талқылауға қатысуға мүмкіндік берілуі қажет. Ми шабуылдары, пікірталастар, кейстерді шешу, жобалық іс-әрекет, ұжымдық өнімдерді әзірлеу және бірлескен жұмыс нәтижелерін таныстыру топтық жұмыстың тиімді формалары болып табылады. Тек түпкілікті нәтиже ғана емес, сонымен қатар қатысушылардың белсенділігі, әртүрлі көзқарастарды ескере білу қабілеті және топтың басқа мүшелерінің идеяларын дамытуға дайындығы бағаланатын жағдайлар жасау маңызды.

Оқу үдерісінде сапалы кері байланысты ұйымдастырудың маңызы ерекше. Білім алушылардың іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау кезінде тек шешімнің дұрыстығына немесе тиімділігіне ғана емес, сонымен қатар идеяларды іздеу үдерісінің өзіне де назар аудару ұсынылады. Педагог бастамашылықты, ойлаудың ерекшелігін, баламалы нұсқаларды ұсынуға дайындықты және эксперимент жасауға деген ұмтылысты ынталандыруы керек. Кері байланыс қолдау көрсетуші және дамытушы сипатта болуы, білім алушылардың өз мүмкіндіктеріне деген сенімділігін нығайтуға ықпал етуі және әрі қарайғы шығармашылық белсенділікті ынталандыруы тиіс. Қателерді көрсетудің орнына, әрі қарай ойлануға жетелейтін сұрақтарды қолданған жөн: «Тағы қандай нұсқалар болуы мүмкін?», «Бұл шешімді қалай жақсартуға болады?», «Проблемаға басқа қырынан қарауға бола ма?». Мұндай тәсіл дамуға бағытталған ұстанымның қалыптасуына ықпал етеді және білім алушылардың танымдық уәжін (мотивациясын) қолдайды.

Дивергентті ойлауды дамыту тек курс аясында ғана жүзеге асырылмай, күнделікті білім беру практикасына кіріктірілуі тиіс. Ол үшін сабақтарда шешімнің бірнеше нұсқасына жол беретін ашық жауапты тапсырмаларды, проблемалық сұрақтарды, таңдау жағдаяттарын және әрекеттердің баламалы тәсілдерін іздеуге арналған жаттығуларды жүйелі түрде қолдану ұсынылады. Объектілерді түрлендіруге, ассоциациялар құруға, салдарды болжауға, оқиғалардың дамуының ерекше сценарийлерін әзірлеуге және белгілі шешімдер негізінде жаңа идеяларды құрастыруға арналған тапсырмалар тиімді болып табылады. Тек жалғыз дұрыс жауапқа ғана бағдарланудан бас тарту және идеялар мен ойлау тәсілдерінің әртүрлілігі бағаланатын білім беру ортасын құру маңызды шарт болып табылады.

Бастауыш мектеп жасындағы білім алушылармен жұмыс істеу кезінде негізінен ойын әдістерін, визуалды материалдарды, шығармашылық жаттығулар мен ертегі сюжеттерін қолдану ұсынылады. Орта буын білім алушылары үшін оқу және әлеуметтік практикамен байланысты проблемалық және зерттеу тапсырмаларының аясын кеңейткен жөн. Жоғары сыныптарда дивергентті ойлауды қолдануды талап ететін кешенді кейстерді шешуге, жобалық іс-әрекетке, инновациялық идеяларды әзірлеуге және шынайы өмірлік жағдаяттарды модельдеуге назар аудару ұсынылады.

Аталған әдістемелік тәсілдерді жүйелі түрде қолдану білім алушылардың ойлау ұшқырлығын, икемділігін, ерекшелігі мен дербестігін дамытуға ықпал ететін білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді, курстың мақсаттарына қол жеткізуді және оқу, кәсіби әрі өмірлік тапсырмаларды шығармашылықпен шешуге тұрақты дайындықты қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

9. Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Chaîné, Francine. Créativité et création en education URL: <https://www.erudit.org/fr/revues/ef/2012-v40-n2-ef0422/1013810ar.pdf> (дата обращения: 22.07.2022).
2. Гилфорд Дж. Природа человеческого интеллекта. - М., Прогресс, 1998. - 57 с.
3. Torrance E. P. Creativity and futurism in education: Retooling / Education, 1980 (b), V. 100, pp. 298–311; Torrance E. P. The nature of creativity as manifest in its testing / R. J. Sternberg, T. Tardif (eds.). The nature of creativity: Contemporary psychological perspectives. Cambridge. Cambridge University Press, 1988, pp. 43–75
4. Роджерс К. К теории творчества: Взгляд на психотерапию. Становление человека. М., 1994. С. 74–79; Ильин Е. П. Психология творчества, креативности, одаренности. СПб.: Питер, 2009. 434 с.;
5. Beghetto, R. A. Creativity in the Classroom: A Teacher's Guide to Creative Performance Assessment. – New York : Routledge, 2021. – 214 p.
6. Kaufman, J. C. Creativity 101. – 2nd ed. – New York : Springer Publishing Company, 2020. – 320 p.
7. Runco, M. A. Creativity: Theories and Themes: Research, Development, and Practice. – 3rd ed. – London : Academic Press, 2019. – 520 p.
8. Organisation for Economic Co-operation and Development (OECD). Future of Education and Skills 2030: OECD Learning Compass 2030 [Electronic resource]. – Paris : OECD Publishing, 2019. – Access mode: <https://www.oecd.org/education/2030-project/> (date of access: 10.08.2025).
9. World Economic Forum. The Future of Jobs Report 2023 [Electronic resource]. – Geneva: World Economic Forum, 2023. – Access mode: <https://www.weforum.org/reports/the-future-of-jobs-report-2023/> (date of access: 10.08.2025).
9. Слостенин В. А., Исаев И. Ф., Шиянов Е. Н. Педагогика : учебник для студентов учреждений высшего профессионального образования. – М. : Академия, 2013. – 608 с.
10. Давыдов В. В. Теория развивающего обучения. - М. : ИНТОР, 1996.
11. Селевко Г. К. Энциклопедия образовательных технологий. В 2 т. – М. : НИИ школьных технологий, 2006.
12. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2021.
13. UNESCO. Guidance for Generative AI in Education and Research. – Paris: UNESCO Publishing, 2024. – 64 p.

Рецензия

Организация образования: НАО «Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан»

Авторы: Утилова А. М., Асаинова А. Ж., Шакенова Т. Ж., Кабиева С. Ж., Байдалинова Б.А.

Тема: «Формирование и развитие дивергентного мышления» (курс для обучающихся)

Актуальность и значимость: Авторский курс «Формирование и развитие дивергентного мышления» является своевременным и востребованным образовательным продуктом, отвечающим современным требованиям развития системы образования. В условиях стремительных социальных, технологических и информационных изменений особую значимость приобретает формирование у обучающихся способности к творческому поиску решений, гибкости мышления, самостоятельности и инициативности. Курс направлен на развитие навыков, которые входят в число ключевых компетенций XXI века и необходимы для успешной адаптации обучающихся в условиях быстро меняющегося мира. Особую ценность представляет ориентация курса на системное развитие дивергентного мышления как основы креативности и инновационного подхода к решению учебных и жизненных задач.

Новизна: Новизна курса заключается в комплексном и системном подходе к развитию дивергентного мышления обучающихся различных возрастных категорий. Авторами разработана целостная модель формирования креативного мышления, включающая теоретические блоки, обучающие анимации, рефлексивные задания, игровые практики и систему уровневых заданий. Особого внимания заслуживает авторская структура содержания, основанная на последовательном развитии когнитивных навыков, поднавыков и мыслительных операций. Использование интерактивных форм работы, игровых технологий, проектной деятельности и практико-ориентированных заданий обеспечивает высокий уровень вовлеченности обучающихся и способствует эффективному формированию творческих способностей.

Практическая значимость: определяется его прикладным характером и возможностью непосредственного использования в образовательном процессе. Представленные материалы содержат широкий спектр заданий различного уровня сложности, позволяющих организовать работу как в урочной, так и во внеурочной деятельности. Курс может быть использован педагогами общеобразовательных школ, организациями дополнительного образования, психологами и специалистами, работающими с одаренными детьми. Предлагаемая система упражнений способствует развитию навыков генерации идей, принятия решений, прогнозирования, анализа, оценки результатов и проектирования альтернативных способов решения проблем. Практические задания ориентированы на формирование универсальных учебных действий и развитие функциональной грамотности обучающихся.

Последовательность стройность: содержание курса отличается логичностью построения и четкой внутренней структурой. Учебный материал распределен по возрастным категориям (1–4, 5–8 и 9–11 классы), что обеспечивает его соответствие возрастным и психологическим особенностям обучающихся. Тематические разделы выстроены по принципу постепенного усложнения: от знакомства с основами дивергентного мышления к развитию воображения, генерации идей, критического анализа, проектной деятельности и решению нестандартных задач. Каждая тема включает взаимосвязанные теоретические и практические компоненты, а также элементы рефлексии, что обеспечивает целостность образовательного процесса и последовательное формирование заявленных компетенций.

Научно-методическое обоснование: курс имеет прочную научно-методическую основу. Его содержание опирается на современные исследования в области психологии

творчества, когнитивного развития личности, педагогики креативности и теории решения нестандартных задач. Авторами использованы положения работ Дж. Гилфорда, Э. Торренса, К. Роджерса, Г.С. Альтшуллера и других известных исследователей в области творческого мышления и инновационного образования. Методический аппарат курса сочетает традиционные и современные образовательные технологии, включая игровые методы, проблемное обучение, проектную деятельность, интерактивные формы взаимодействия и рефлексивные практики. Представленная система заданий обеспечивает достижение заявленных образовательных результатов и соответствует современным педагогическим подходам.

Оформление: авторский материал оформлен на высоком методическом уровне. Структура курса отличается четкостью и удобством использования. Все разделы содержат необходимые компоненты: пояснительную записку, цели и задачи, ожидаемые результаты, учебно-тематический план, подробное описание содержания тем и систему практических заданий. Материал изложен доступным научно-педагогическим языком, последовательно и логично. Представленные задания имеют четкие формулировки и могут быть использованы как в традиционном, так и в электронном формате обучения.

Рекомендации по совершенствованию авторского материала: представленный курс имеет высокий научно-методический и практический потенциал. В качестве перспектив дальнейшего развития материала можно рекомендовать расширение диагностического инструментария для оценки динамики развития дивергентного мышления обучающихся, разработку цифрового банка интерактивных заданий и создание методических рекомендаций по адаптации курса для обучающихся с различными образовательными потребностями. Указанные рекомендации носят перспективный характер и не снижают общей высокой оценки представленного материала.

Вывод: рекомендовать к рассмотрению

Эксперт:

Ф.И.О: Ксембаева Сауле Камалиденовна

Должность: ассоциированный профессор

Ученая степень/категория: кандидат педагогических наук

Место работы: Торайгыров университет

Подпись:



Рецензия

Организация образования: НАО «Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан»

Авторы: Утилова А. М., Асаинова А. Ж., Шакенова Т. Ж., Кабиева С. Ж., Байдалинова Б.А.

Тема: «Формирование и развитие дивергентного мышления» (курс для обучающихся)

Актуальность и значимость: курс посвящен развитию дивергентного мышления как важнейшего компонента интеллектуального и творческого развития личности. Содержание программы направлено на решение одной из ключевых задач современного образования - подготовку обучающихся к деятельности в условиях неопределенности, необходимости выбора, принятия решений и поиска нестандартных подходов. Особую значимость представляет ориентация курса на развитие универсальных навыков, востребованных как в учебной деятельности, так и в дальнейшем профессиональном становлении обучающихся.

Новизна: заключается в разработке целостной системы формирования дивергентного мышления через специально организованную образовательную среду, включающую игровые технологии, интерактивные задания, проблемные ситуации, проектную деятельность и рефлексивные практики. Авторами предложена оригинальная модель построения содержания, основанная на последовательном развитии аналитических способностей, навыков принятия решений, прогнозирования, оценки результатов и разработки стратегий. Существенным преимуществом является интеграция современных цифровых и интерактивных форматов обучения, что повышает мотивацию обучающихся и делает образовательный процесс более эффективным.

Практическая значимость: определяется возможностью его непосредственного внедрения в образовательную деятельность школы. Материалы курса могут использоваться в рамках курсов по выбору, внеурочной деятельности, работы с одаренными детьми, а также при реализации программ развития функциональной грамотности и креативного мышления. Представленная система заданий позволяет педагогам организовывать работу с обучающимися различного уровня подготовки, обеспечивая условия для индивидуализации обучения и развития познавательной активности школьников.

Последовательность строгость: структура курса отличается логичностью и методической завершенностью. Материал распределен по возрастным группам обучающихся и выстроен по принципу постепенного усложнения содержания. Каждый раздел имеет четко определенные цели, задачи и ожидаемые результаты. Теоретические материалы органично сочетаются с практическими заданиями и рефлексивными упражнениями, что обеспечивает целостность образовательного процесса. Система уровней заданий позволяет учитывать возрастные и индивидуальные особенности обучающихся, обеспечивая постепенное формирование необходимых компетенций.

Научно-методическое обоснование: содержание курса имеет серьезное научно-методическое основание и базируется на современных исследованиях в области психологии творчества, педагогики креативности, когнитивного развития личности и теории решения нестандартных задач. Авторами использованы положения известных отечественных и зарубежных исследователей, что обеспечивает научную достоверность представленных материалов. Методический аппарат курса соответствует современным требованиям компетентного подхода и ориентирован на достижение конкретных образовательных результатов.

Оформление: материал курса отличается высоким качеством оформления и методической проработки. Содержание курса структурировано, изложено последовательно и доступно для практического использования педагогами. Учебно-тематический план, описание содержания разделов, система практических заданий и ожидаемых результатов

представлены в логичной и удобной для работы форме. Материал соответствует требованиям, предъявляемым к современным учебно-методическим разработкам.

Рекомендации по совершенствованию авторского материала: курс представляет собой завершенный и качественный образовательный продукт. В дальнейшем возможна разработка дополнительных методических рекомендаций для педагогов по организации мониторинга результатов обучения. Данные рекомендации носят перспективный характер и не влияют на общую высокую оценку представленной разработки.

Вывод: считаю целесообразным рекомендовать данный курс к использованию в организациях образования, а также к распространению положительного педагогического опыта среди педагогического сообщества.

Эксперт:

Ф.И.О: Аденова Бибинур Олжановна

Должность: заместитель руководителя по учебно-воспитательной работе

Ученая степень/категория:

Место работы: КГУ «Областной многопрофильный лицей-интернат для одаренных детей» Управления образования Павлодарской области»



Рецензия

Организация образования: НАО «Павлодарский педагогический университет имени Элкей Марғұлан»

Авторы: Утилова А. М., Асаинова А. Ж., Шакенова Т. Ж., Кабиева С. Ж., Байдалинова Б.А.

Тема: «Формирование и развитие дивергентного мышления» (курс для обучающихся)

Актуальность и значимость: представленный курс направлен на развитие дивергентного мышления как одного из ключевых компонентов творческой и интеллектуальной деятельности школьников. В условиях обновления содержания образования особое значение приобретают умения анализировать ситуацию, предлагать несколько вариантов решения, оценивать их эффективность и прогнозировать последствия принимаемых решений. Курс способствует развитию данных навыков через специально разработанную систему теоретических и практических занятий, что делает его востребованным как для урочной, так и для внеурочной деятельности.

Новизна: заключается в создании многоуровневой системы развития дивергентного мышления обучающихся разных возрастных категорий. Авторами предложен комплексный подход, сочетающий элементы игровых технологий, проблемного обучения, проектной деятельности, рефлексивных практик и интерактивных форм взаимодействия. Особого внимания заслуживает разработанная структура заданий, ориентированная на поэтапное формирование аналитических способностей, навыков принятия решений, прогнозирования, оценки результатов и творческого поиска альтернативных решений.

Практическая значимость: представленные материалы могут быть эффективно использованы в работе педагогов организаций образования, классных руководителей и специалистов, работающих с одаренными детьми. Задания имеют четкую структуру, соответствуют возрастным особенностям обучающихся и позволяют организовать активную познавательную деятельность школьников. Практическая направленность курса способствует развитию у детей самостоятельности, инициативности, гибкости мышления и способности применять полученные знания в различных жизненных ситуациях.

Последовательность и стройность: курс отличается логичной структурой и продуманной организацией содержания. Материал распределен по возрастным категориям и построен по принципу постепенного усложнения. Каждый раздел имеет четкую цель и направлен на развитие конкретных навыков и поднавыков. Теоретические материалы органично дополняются практическими заданиями, а наличие рефлексивных блоков способствует осмыслению обучающимися собственного опыта и закреплению полученных знаний. Такая организация содержания обеспечивает последовательное формирование дивергентного мышления и устойчивый образовательный результат.

Научно-методическое обоснование: содержание курса имеет надежную научно-методическую основу и базируется на современных достижениях психологии творчества, педагогики, когнитивных наук и теории развития креативности. В программе прослеживается опора на научные подходы к формированию творческого мышления и развитию интеллектуальных способностей личности. Используемые методы и формы работы соответствуют современным образовательным технологиям и обеспечивают эффективное достижение поставленных целей.

Оформление: курс отличается высоким уровнем методической проработки и грамотным оформлением. Материал структурирован, изложен последовательно и доступно для практического применения. Учебно-тематическое планирование, описание тем, система практических заданий и ожидаемых результатов позволяют педагогу легко ориентироваться в содержании программы и эффективно использовать ее в образовательном процессе.

Рекомендации по совершенствованию авторского материала: курс является завершённой и качественной методической разработкой. В качестве дальнейших направлений развития можно рекомендовать расширение банка практических кейсов из реальной жизни, создание электронного методического сопровождения для педагогов. Данные рекомендации носят перспективный характер и не снижают общей положительной оценки представленного курса.

Вывод: курс имеет высокую практическую ценность и может быть рекомендован к широкому использованию в организациях образования.

Эксперт:

Ф.И.О: Текенов Арыстан Анатольевич

Должность: учитель математики

Ученая степень/категория: педагог-мастер

Место работы: КГУ «Специализированная школа-лицей для одаренных детей «Жас Дарын» Управления образования Павлодарской области»

Подпись:



Облыстық оқу-әдістемелік кеңесінің хаттамасынан үзінді

2026 жылғы 28 мамыр

Павлодар қаласы

Комиссия құрамы: 21

Төрайым: Б. Т. Аушахманова

Қатысушылар саны: 21

Күн тәртібі:

2026 жылғы облыстық оқу-әдістемелік кеңестің 2-тоқсанының отырысына педагогтердің инновациялық тәжірибе материалдарын сараптамадан өткізу.

Қаулы етті:

1. Ұсынылған педагогикалық бастамаларды оның жаңашылдық дәрежесін, практикалық маңыздылығын және оны облыстың білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үдерісіне енгізілсін (1-қосымша – басшылар, 2-қосымша – басшы орынбасарлары, 3-қосымша – педагогтер, 4-қосымша – РОӘК-ке ұсынылған жұмыстар, 5-қосымша – қайта қарастырылуға және ескертулерді жоюға ұсынылған жұмыстар).

Облыстық оқу-әдістемелік
кеңес төрайымы

Хатшы



Б. Т. Аушахманова

К. А. Мундуинова

Облыстың білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үдерісіне енгізілуге ұсынылған жұмыстар

3 Қосымша

№	Қала	Мектептің атауы	Педагогтің толық аты-жөні	Лауазымы	Материалдың атауы
1	Ақсу қаласы	"Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ	Аушанова Асем Тасболатовна	бастауыш сынып мұғалімі	«Жасөспірім интеллект арқылы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын дамыту» авторлық бағдарлама
2	Ақсу қаласы	"Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ	Бохой Зоя	тарих пәнінің мұғалімі	«Қазақтың ұлы кеңселері» авторлық бағдарлама
3	Ақсу қаласы	"Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ	Усманова Гулманат Ессибековна	ағылшын тілінің мұғалімі	«Сөйлеу дағдысын қарқынды дамыту құралы ретінде ағылшын тілі сабақтарында жасалатын интеллект бағдарламаларын пайдалану» авторлық бағдарлама
4	Ақсу қаласы	"Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ	Зейісәй Мейрамғұл	бастауыш сынып мұғалімі	«Логикалық ойлау шығармашылығын дамыту» авторлық бағдарлама
5	Ақсу қаласы	Ақсу қаласы №8 орта мектебі	Бастеменова Асқар Кабыдуллинұлы	қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	«Қазақ тілі сабағында тілдік тәртіп дағдыларын жетілдірудің тиімді әдіс-тәсілдері. Айтылым, тыңдалым, оқылдым, жазылдым»
6	Ақсу қаласы	Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің "Қаппамап ауылының орта мектебі" КММ	Ледникова Марина Аляксандерна	география пәнінің мұғалімі	Сборник тестовых заданий по географии в контексте для подготовки к МОДЮ (МОНИТОРИНГ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ) по географии (9 класс)
7	Ертіс ауданы	"Ағашорын ЖОББМ" КММ	Мырабиджанов Куралей Каержанович	бастауыш сынып мұғалімі	Развитие словесно-логического мышления у учащихся
8	Ертіс ауданы	"Ағашорын ЖОББМ" КММ	Салтыков Жанат Берсезенович	математика пәнінің мұғалімі	Математика в компьютерной графике 7 класс
9	Павлодар ауданы	Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «Біріккен жалпы орта білім беру мектебі» КММ	Кузнецова Мария Нурлановна	дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	Методы преподавания физической культуры при дистанционном обучении
10	Павлодар қаласы	Облыстық көп сақалы дарынды балаларға арналған лицей интернат	Кабенов Даурен Исламбекович	математика пәнінің мұғалімі	"Ықтималдықтар теориясы және комбинаторика есептері"
11	Павлодар қаласы	"Павлодар қаласының Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ	Органова Замира Шаймуритовна, Мусабаева Назипа Жармағамбетовна, Темірбаева Алия Кайноллаевна	учитель информатики	Авторская программа по теме "Электронный курс "Мир мультимедиа""
12	Павлодар қаласы	Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «№4 арнайы мектеп - интернат» КММ	Филипп Надежда Александровна	дефектолог-мұғалім	дистанционный курс "Развитие творческих способностей обучающихся с умеренными нарушениями интеллекта через трудовую деятельность"
13	Павлодар қаласы	НАО «Павлодарский педагогический университет имени Олжаса Марғұлана»	Уткина Ангелия Муратовна, Асипова Алмагуль Жақыповна, Шакирова Таттигуль Жалықбаевна, Кабанова С. Ж., Байдалинова Б. А.	ассистированный профессор высшей школы педагогики, кандидат психологических наук	«Формирование и развитие дивергентного мышления»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

СВИДЕТЕЛЬСТВО
О ВНЕСЕНИИ СВЕДЕНИЙ В ГОСУДАРСТВЕННЫЙ РЕЕСТР
ПРАВ НА ОБЪЕКТЫ, ОХРАНЯЕМЫЕ АВТОРСКИМ ПРАВОМ

№ 74431 от «9» июня 2026 года

Фамилия, имя, отчество, (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) автора (ов):
УТИЛОВА АЙГУЛЬ МУРАТОВНА,
Шакенова Таттигуль Жилкибаевна,
БАЙДАЛЫНОВА БИБЕНУР АСКАРОВНА
Асаинова Алмагуль Жаяковна,
Кабиева Салтанат Жумабаевна,

Вид объекта авторского права: произведение литературы

Название объекта: Программа курса для одаренных учащихся 1–11 классов «Формирование и развитие дивергентного мышления»

Дата создания объекта: 06.06.2026





Құжат түпнұсқалығын <http://www.kazpatent.kz/rz/saitynyyn>
"Авторлық құқық" бөлімінде тексеруге болады <https://copyright.kazpatent.kz>

Подлинность документа возможно проверить на сайте [kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz)
в разделе «Авторское право» <https://copyright.kazpatent.kz>

Подписано ЭЦП

А. Артыкова